

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 57 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 5475 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 56 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 18.03.2024 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1 бабының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының 2019 жылғы 20 қарашадағы № 05-01-04/984 ұсынысы негізінде, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Түркістан облысының тиісті қала, аудан әкімдері өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдем көрсетсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 шілдедегі № 182 " Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4176 болып тіркелген, 2017 жылғы 8 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2017 жылдың 8 тамызында электронды түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ.Тәжібаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Қ. Айтмұхаметов

Ә.Е. Тұрғымбеков

Ж.Е. Аманбаев

С.А. Қалқаманов

М.И. Мырзалиев

Ұ.Қ. Тәжібаев

А.А. Абдуллаев

А.Б. Тасыбаев

Ө. Шөкеев

"Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы "___" _____ №___ қаулысына

Түркістан облысы әкімдігінің
2020 жылғы "12" наурыздағы № 57
қаулысына қосымша

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізілетін аймақ

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 26.01.2023 № 13 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Аудан, қала атауы	карантинді объектілер атауы								
		зиянкестер				аурулар			арамшөптер	
		шығыс жеміс жемірі, гектар	калифорния қалқанша, гектар	оңтүстік америкалық қызанақ күйесі, гектар	қауын шыбыны, гектар	жеміс ағаштарының бактериалық күйігі, гектар	қызанақ жемісінің қоңыр қатпарлары, вирусы, гектар	қызанақтың солу вирусы, гектар	жатаған у кекіре, гектар	арамсоюу, гектар
1	Арыс				1048				669	120
2	Кентау				177				0,31	0,44
3	Бәйдібек								178,96	5
4	Қазығұрт								365,65	112,07
5	Жетісай				856					7,3
6	Мақтаарал				1563,44			3		9,45

7	Ордабасы			6					500	34,2
8	Отырар				661				40	6,03
9	Сайрам									10,03
10	Сарыағаш			10,35			3		248,7	42,8
11	Сауран			1,63	42				125	2,4
12	Созақ								192	
13	Келес			3,3	36				35	73,473
14	Төлеби	48	23			1			90,64	172,205
15	Түлкібас								116	7,5
16	Шардара				396				1920	110
	Жиыны:	48	23	21,28	4779,44	1	3	3	4481,26	712,898

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК